


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ МЕН ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ

# ХАБАРЛАРДЫҒА МІЗВЕСТІК

МИНИСТЕРСТВА ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН, НАЦИОНАЛЬНОЙ АКАДЕМИИ НАУК РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Серия  
ФИЛОЛОГИЧЕСКАЯ

5-6.2002



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ,  
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ

# ХАБАРЛАРЫ ИЗВЕСТИЯ

МИНИСТЕРСТВА ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ  
НАЦИОНАЛЬНОЙ АКАДЕМИИ НАУК  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ТІЛ, ӘДЕБИЕТ СЕРИЯСЫ  
СЕРИЯ ФИЛОЛОГИЧЕСКАЯ  
5-6 (135-136)

ҚЫРКҮЙЕК – ЖЕЛТОҚСАН 2002  
СЕНТЯБРЬ – ДЕКАБРЬ 2002

1974 ЖЫЛҒЫ ҚАҢТАРДАН БЕРІ ШЫҒАДЫ  
БІР ЖЫЛДА 6 РЕТ ЖАРЫҚ КӨРЕДІ

ИЗДАЕТСЯ С ЯНВАРЯ 1974 ГОДА  
ВЫХОДИТ 6 РАЗ В ГОД

*“Қозы Көрпеш – Баян сұлу” жырларының 1500 жылдығына арналады.*

*Посвящается 1500-летию эпоса “Козы Корпеш – Баян сулу”*



АЛМАТЫ

“Ғылым” ғылыми баспа орталығы

ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ҰЛТТЫҚ КІТАПХАНАСЫ

Қ. Б. САРБАСОВА

## ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕР – КӨРКЕМДЕГІШ ҚҰРАЛ

Халқымыздың ұлттық санасын, сапалық белгілерін анықтай түсетін неше алуан әдет-ғұрып, салт-сана, мінез-құлық, қасиет қалыбы тілдік танымында тікелей көрініс тапқан. Өмірдің барлық саласын қамтитын, ішкі мазмұн байлығымен көзге түсетін, тілімізге бейнелі де мәнерлі реңк үстейтін, күрделі құрылым-құрылысы бар фразеологизмдер – ана тіліміздің өзіндік ерекшеліктерін көрсететін тұлғалар. Олар тіл элементтері ішінде ұлттық колоритімен, ұлттық нақышымен көзге түседі. Сондықтан фразеологизмдер сөзді жандандырып, тілімізге өмірлік сипат, ұлттық ажар беретін стильдік мәні айрықша құрал болып саналады [1,107].

Тілімізде ғасырлар жемісі, халық мұрасы, ұлттық құбылыс болып саналатын фразеологизмдер көркем шығарма тілін жандандыратын, астарлы да бейнелі суреттеудің дайын құралы Фразеологизмдерді ауызекі сөйлеу тілінде болсын, жазба әдеби тілде болсын ойды айшықтау үшін, оқырман мен тыңдаушы көңілін елең еткізу үшін қолданарымыз белгілі. Жазушының көркем шығармада фразеологизмдерді пайдалануы өзіндік стилін қалыптастырудағы бірден-бір тәсілі болып табылады. “Жазушы – ұлттық сөз мәдениетін жасаушы, оны алға апарушы. Ол өз дәуіріндегі халық тілін пайдалана отырып, өз творчествосының түпкі мақсатына лайықтап, ана тілінің түрлі амал-тәсілдерін таңдап, іріктеп, жаңғыртып, жинақтап жұмсайды” [2,6]. Демек, осы арқылы өзінің де суреткер ретіндегі “бет-пердесін” жасайды.

Фразеологизмдердің көркем шығармада атқаратын қызметі сан алуан: образ жасау, кейіпкерді мінездеу, түрлі психологиялық жай-күйді суреттеу, қорытынды жасау, т.б.

Фразеологизмдердің стильдік бояуы жеке сөздермен салыстырғанда әлдеқайда күшті, экспрессивті-эмоционалдық мүмкіншілігі мол. Олар ауыс-астарлы мағынасымен көзге ұрады, бояу-нақыштары да жетерлік. Мәселен, “қорқу” ұғымын беруде жазушы С.Мұратбеков бірнеше фразеологизмді қолданады. “Қорқу” ұғымының түрлі реңкін контекске сай оқырманның сезіп-білері анық.

*Нәзира әпкем зәре-құты қашып үндемейді. Мен дегенде екеуінің де төбе шашы тік тұратын. Төбе құйқаны шымырлатып дауыс айтқан дауыстар. Жарғақ сары тон киген Аян күлімдеп тұратын қара көзі шарасынан шыға жаутаңдап, өңі боп-боз есігінің алдында тұр. Демімізді ішімізге тартып, қараңғыда теңселгендей боп тұрған Ешкіөлмес шоқысына көз тігіп қарай беруге дәтіміз шыдамай Аянға қараймыз. “Апыр-ай, жалғыз дәу оянып кетер ме екен?” деп зәре-құтымыз қалмайды.* Қолданылған фразеологизмдер түрлі стильдік орамда жұмсалып, әрқайсысының нәзік реңдері сөз қоршауында ашыла түскен, яғни түрлі стилистикалық реңктерді беру

кәдесіне жаратылған. Егер біз фразеологизмдер тек экспрессивті-эмоционалды ерекшелігіне ғана байланысты қолданылады десек, қателесеміз. Мәселен, “*төбе шашы тік тұру*” тіркесінің жалпы мағынасы — қорқу, сөйлемде ол шошу, тұла бойы түршігу сияқты мағынасымен де көрінеді. Ал шошыну, түршігу жай ғана қорқу емес.

“*Көзі шарасынан шығу*” тіркесі қорқыныштан үні шықпай, үрейі бет-әлпеттен көрінген, көбіне үлкендер қорқа бермейтін бір жайттан қорыққан бала бейнесінің нанымды шығуына үлес қосып тұрғаны анық. “*Дәті шыдамау*” — “*дәті жетпеді*” тіркесінің варианты, мағыналары — көңілі дауаламау. Жоғарыдағы қолданыста тіркестер қорқыныштан қарауға дәті бармау, батылдары жетпеу, үрейлену, үрейді жеңе алмау сияқты сезімдерді қат-қабатымен беріп отыр, тұрақты тіркестердің контексте жанданып, мағынасының бар бояуымен құлпырып, стильдік мәні айқындала түскендігі байқалады.

Осыған орай жағымсыз эмоциядан туындайтын ашуға қатысты етістік мәнді фразеологизмдердің стильдік қызметіне көңіл бөлейік.

Адам ашуы оның бет-әлпеті-физиономиясынан байқалады: *түсі бұзылу, танауы қусырылу, көзі шатынау, қабағынан қар жауу, түгін сыртына тебу, күре тамыры адыраю, қан-сөлін ішіне тарту, қабағын шыту*. Екіншіден, ішкі психологиялық күйдің іс-әрекетпен айғақтала келуін көрсететін фразеологизмдер де баршылық: *сақалын жұлу, екі иығын жұлып жеу, боғын пышақтау, оқ жыландай ысқыру, ұрынарға қара таппау, т.б.* Бұл топтағы фразеологизмдерге ортақ сема — “ашу”. Бір лексика-семантикалық топқа енеді, өзара мағыналас. Десек те, олардың қолданылуында ерекшеліктері бар. Әр суреткер оларды өзі суреттеп, баяндап отырған оқиғасына, кейіпкердің жай-күйін, ситуацияға байланысты, эмоциясын білдіруіне қатысты елеп-екшеп пайдаланады. Себебі “ашу” ұғымындағы фразеологизмдер “ашу, ашулану” ұғымының жан-жақты сипатын аша алады. Бірі жалпы ашуды (*қабағын шыту, күйіп-пісу, мұрны қусырылу*) білдірсе, бірі жеңіл-желпі (*шыж-быж болу, көзін алайту*) жеңіл-желпі келуі мен қайтуы тез ашуды білдіреді, ал үшіншісі *ит арқасы құрысу, қабағынан қар жауу, жауар бұлттай түнеру* түрінде келіп, айналасындағыларға үрей тудырырлықтай “салмақты” ашуды білдіреді. Ашуға байланысты фразеологизмдердің “қырларын” мына мысалдардан байқауға болады: *Мұны естіген соң-ақ Құрман етін сыртына теуіп, зәрін шашып, Жақсылықты жер-көкке сыйғызбайтын болып, әке-бабасынан бері қарай боқтай бастады. Енді алдасулап ақша қағыстырайын дедіңдер ме? — деп төрге айналып, өз-өзіне сөйлеген боп тұлан тұтып жүріп Жәмила ... есікті тарс еткізіп жауып шыға жөнелді (М.Ә). Меңдігерейдің зығыры қайнап кетті. Халел терісіне симап кетті. Шынымен абақтыға жабасыз ба, Жолмұқанды? — деп сұрады Нұрым кенеттен тісін қайрап (Х.Е.).*

Байқағанымыздай, фразеологиялық тіркесте толғаныс, сезім, образ, ырғақ бар. Тұрақты сөз тіркесінде логикалық қимыл бар, әрекет бар. Сөйлеушінің айтушының үні әдемі сөз өрнектерімен, тілдің асқақ поэтикасымен аста-сып жатады. Мұның бәрі жай құбылыс емес. Фразеологизмдегі сөздер мен сөйлемдерде қиыннан қиыстырған ой жатыр, түрлі рең жатыр [3,66].

Тіліміздегі фразеологизмдердің бәрінде о баста конкретті тура мағынасы болған [4,211]. Сөйлеу тілінде қалыптасқан фразеологизмдер, идиомалар және образды сөздердің көбі айтыла келе, жазба әдебиетіндегі көркемдік тәсілдердің ажырамас бөлігіне айналған [5,4] деген пікірлерге зер сала келе, фразеологизмдер барысында туынды мағынаның берілу тәсілдері негізінде ауыс мағынаға ие болып, көркемдегіш құрал ретінде қызмет атқару дәрежесіне жеткен деген ой түйіндеуге болады.

Көркемдік тәсілдер арқылы туындаған фразеологизмдер көркем әдебиетте, көркемдегіш құрал ретінде жұмсалады — олар-метафора, метанимия, теңеу, синекдоха, т.б.

**Метафора** — (грек сөзі *metaphora* — ауысу) көркем әдебиетте барынша жиі қолданылатын тілдің мәнерлегіш құралдарының бірі. Оның негізінде ұқсату заңы жатыр: *өмірге жолдама алу, еңбек майданына аттану, темір тұлпарды тізгіндеу, ақ бұлақты ағызу, тігісін жатқызу, жігі ашылу, табыс көзі, ащы өмір*, т.б. Бұл фразеологизмдер — зат пен құбылыстың тұлға ұқсастығы, қимыл-қызмет ұқсастығы, ұғымдардың бір-біріне қатыстылығынан туған метафоралы фразеологизмдер. Жалпы халыққа таныс суреттер негізге алынған фразеологизмдердің ой көркемдігі де ерекше.

Фразеологизмдердің шығу көзінің бірі — осы метафора, сөз тіркесінің метафоралануы.

Фразеологизмде эпитет немесе көркем анықтауыштың алатын орны айрықша. Тіліміздегі тұрақты сөз тіркестерін эпитетсіз кездестіру мүмкін емес [3,68]. **Эпитет** — ойды мәнерлі жеткізудің кең тараған түрі, оның басты міндеті — затқа немесе құбылысқа тән белгілерді “жарқырата” көрсету, сол арқылы зат пен құбылыстың басты қасиетіне назар аударту. Эпитет түрінде *қыпша бел, ақша маңдай, алма мойын, шығарып салма сөз, жалған (қу) дүние, алып қашпа сөз*, т.б. қолданамыз.

**Метонимиялық** қолданыс өзгертіп атау негізінде пайда болған (гр. сөзі *metonymia* — өзгертіп атау) және тілімізде өнімді қолданылатын көркем құрал. Метонимиялық қолданыстағы фразеологизмдерге *көлденең көк атты, тұлкі бұлаң, деміне нан пісу, төбесіне әңгір таяқ ойнату, ішіне ел қону, бит қабығынан биялай тоқу*, т.б. жатқызуға болады.

**Синекдоха** — бүтінді бөлшекпен, бөлшекті — бүтінге балай айту дәстүрімен туындаған көркемдегіш құрал. (гр.сөзі *synekdoche* — бірге жобалап түсіну).

*Күлін көкке ұшыру, тізе батыру, отыз тістен шыққан сөз отыз рулы елге тарау, тұяқ серппеу, шаңырағын ортасына түсіру, ошағын талқандау, сақалын жұлу, көзін жою* сияқты фразеологиялық тіркестердегі басты белгі — жалпының орнына жекешенің алмасып қолданылуы. Синекдоха образды бейнелеудің ұтымды құралы ретінде тыңдаушы мен оқырманның сезім дүниесіне әсер етеді.

**Теңеу** — салыстыру, зат, құбылыстарды өз ара теңестіру нәтижесінде пайда болған тілдік көркемдегіш құрал. Фразеологиялық теңеулердің жасалуы дәстүрлі теңеулердің жасалу жолдары тектес. Біріншіден, түбір сөзге *-дай, -дей, -тай, -тей* жұрнақтары жалғану арқылы жасалады: *көзсіз көбелектей, сең соққан балықтай, сақардан шыққан сүйектей, сойып қаптап*

қойғандай, тойған қозыдай, жылан жалағандай, тұлыпқа мөңіреген сиырдай, т.б.; екіншіден, “сияқты”, “секілді” көмекші сөздерінің көмегімен жасалады: ақ күйрық көңіл ашар шай секілді, құрт жеген құба сөңкел секілді; үшіншіден, -ша, -ше жұрнақтарының жалғануы арқылы жасалады: өсекті суша сапыру, аш кенеше жабысу, сүлікше сору, араша талау, итше ырылдау, т.б., төртіншіден, -лы, -лі, -ды, -ді, -ты, -ті жұрнақтарының көмегімен бір шама фразеологиялық теңеулер туындаған: жылқы мінезді, сегіз қырлы, бір сырлы, жеті жұртқа белгілі, ай мүйізді, аша тұяқты.

Бесіншіден, қабыса байланысқан есімді сөз тіркестерінен жасалатын фразеологиялық теңеулер молынан кездеседі: түйе балтыр, алма мойын, қарақат көз, бөкен қабақ, бұралқы сөз, бұраң бел, жауыр сөз, жау жүрек, жылы сөз, қаз мойын т.б.

Троптың қай түрі болса да, фразеологизмдерге соқпай өте алмайтындығы фразеологизмдердің көркемдік бейнелеу құралдары ішіндегі ерекшесі және қолданылу аясының кеңдігі мен икемділігін байқатады.

Ойды бейнелі, тартымды жеткізу, шешен сөйлеудің тәсілдері – стильдік фигуралар. Жоғарыда атап өткеніміздей, фразеологизмдер сөз орнына жүретін тілдік элемент болғандықтан, фразеологизмдер стильдік фигуралар қызметінде де жұмсалады. Көбінесе олардың табиғатына әсірелеу, қарсы қоя сипаттау тән болғандықтан, гипербола, литота, антитеза.

**Гипербола** – әсірелей суреттеу. Әсірелей суреттеу үшін қолданылған фразеологизмдердің әсерлілігі сөз, еркін сөз тіркестерінен болған гиперболадан әлдеқайда экспрессивті, себебі фразеологизмдер о бастан-ақ экспрессивті-эмоционалды, айшықты құбылыс.

*Астыңғы ерні жер тіреп, үстіңгі ерні көк тіреп, ақылы – балқаш, ашуы – дүлей; аузын айға білеген, ай десе, аузы бар, күн десе, көзі бар; алтынмен аптап, күміспен күштеп, тепсе темір үзетін; арасынан қыл өтпеу, етінен ет кесіп беретін, ішкені – ірің, жегені – желім; аузы-мұрнынан шығу; екі аяғын бір етікке тығу; қаққанда қанын, соққанда сөлін алу; мойны ыргайдай, биті торғайдай.*

**Литота** – әсірелеуге яғни гиперболаға қарама-қарсы бір затты өте кішірейтіп көрсету, яғни әсіре кішірейту.

*Шарадай басы шақшадай болу, басы таудай, аяғы қылдай; ине шаншар жер жоқ; түйедейді түймедей ету; тамағынан су өтпеу; темір етіктен теңгедей, темір таяқтан тебендей қалу.*

**Антитеза** – қарама-қарсы қою арқылы суреттеу. *Күліп кіріп, күңіретте шығу; көзін ашып-жұму; досқа күлкі, дұшпанға таба болу; бірде көл, бірде шөл.*

Халық тілінің қазынасы – тұрақты тіркестер арқылы шығарма тіліне көркемдік, әсерлілік, ұлттық бояу-нақыш берілері сөзсіз және ол өз алдына жеке зерттеу нысаны болуға тиіс.

Фразеологизмдер стильдік функцияда қолданылатын үлкен арна екендігіне оның троп және стильдік фигуралар қызметінде жұмсалуды айғақ бола алады. Фразеологизмдерді мәнерлі сөз, көркем әдебиетте қолданудың әдіс-тәсілдері, пайдалану принциптері бар, әр жазушының таңдау-талғау амалы бар, оны қажетіне қалай жаратары қаламгердің жазушылық “болмыс-бітіміне” байланысты.

Қорыта келгенде: фразеологизмдер тілдік суреттеме, көркемдегіш құрал ретінде жұмсалады.

Метафора, метонимия, синекдоха тәсілдерімен жасалып, ойға астар, қосымша мағына үстейді;

Эпитет, теңеу түрінде қолданылып, ой-пікірді сурет арқылы жеткізеді;

Стильдік фигура түрінде ойды бейнелі, жеріне жеткізе беру қабілетін байқатады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Балақаев М., Жанпейісов Е., Манасбаев Б. Қазақ тілінің стилистикасы. Алматы: Мектеп, 1966. 107-б.
2. Виноградов В. Язык художественного произведения // Вопросы языкознания, 1954. С. 6.
3. Смағұлова Г. Фразеологизмдердің варианттылығы. Алматы: Санат, 1966. 66-б.
4. Болғанбаев Ә., Қалиев Ф. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. Алматы: Санат, 1997. 211-б.
5. Амиров Р. Особенности синтаксиса казахской разговорной речи. Алматы: Наука, 1972. С. 4.